

1 STATE LAW AND MANAGEMENT

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРАВО И УПРАВЛЕНИЕ

FTAMP 10.27.65
ӘОЖ 347.451.031
JEL K13

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-2-7-18>

ИЛЬЯСОВА С.М.,*¹

докторант.

*e-mail: isamal@mail.ru

ORCID ID: 0009-0009-5165-7671,

АЛДАБЕРГЕНОВА Н.А.,¹

з.ғ.к., профессор.

e-mail: n.aldabergenova@turana.edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

ЮХНЕВИЧ Э.,²

PhD, профессор.

e-mail: e.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

ORCID ID: 0000-0001-7390-4885

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Гданьск университеті,

Гданьск, Польша

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДАҒЫ ТАПСЫРЫС

БЕРУШІЛЕРДІҢ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ ӘРЕКЕТТЕРІ:

ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Аңдатпа

Мақалада мемлекеттік сатып алу үдерісін жүзеге асыру барысында тапсырыс берушілер жиі жіберетін құқықтық қателіктер, олардың себептері, жауапты қызметкерлердің біліктілік талаптары, қателіктердің жіктелуі, сондай-ақ мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану аспектілері мен олардың құқықтық салдары зерттеледі. Сонымен қатар, сатып алу рәсімдеріндегі кемшіліктерді талдау арқылы олардың алдын алу шараларын әзірлеу мәселелері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – тапсырыс берушілермен жиі жасалатын типтік қателіктерді анықтау, олардың пайда болу факторларын талдау және осы қателіктерді азайтуға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу мен алдын алу шараларын ұсыну. Сонымен қатар, зерттеу барысында тапсырыс берушілердің жауапкершілігін күшейту және мемлекеттік сатып алудың ашықтығын арттыруға ықпал ететін тетіктерді анықтау көзделген. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі тапсырыс берушілердің қателіктерін жүйелеуге және олардың себептерін анықтауға бағытталған кешенді талдаумен айқындалады. Ал практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерін тапсырыс берушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету және сатып алу рәсімдерін оңтайландыру мақсатында қолдану мүмкіндігімен сипатталады. Зерттеу барысында салыстырмалы-құқықтық талдау, жүйелік және құрылымдық әдістер, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерге сараптамалық шолу қолданылды. Зерттеу нәтижелері тапсырыс берушілер жіберетін типтік қателіктер мен олардың мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне тигізетін теріс әсерін анықтады. Бұл қателіктердің алдын алу мақсатында тапсырыс берушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, сатып алу

рәсімдерін ұйымдастыру тиімділігін күшейту және бақылау механизмдерін жетілдіру ұсынылады. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтарды төмендету үшін мемлекеттік сатып алуға жауапты тұлғалардың кәсіби даярлығын жақсарту қажеттілігі атап өтіледі.

Тірек сөздер: тапсырыс беруші, заңнама, сатып алу қызметі, реттеу, бақылау, бұзушылықтар, жауапкершілік.

Кіріспе

Мемлекеттік сатып алу барысында тапсырыс берушілердің жиі жасайтын қателіктері сатып алу рәсімдерінің тиімділігін төмендетіп, қаржылық шығындар мен заңнамалық бұзушылықтарға әкелуі мүмкін. Бұл мәселе мемлекеттік сатып алу үдерісінің тұрақты дамуына кедергі келтіреді. Өнім берушіні дұрыс таңдау, ақпаратты орналастыру, сатып алу жоспарын құру және шарттарды орындау кезеңдеріндегі қателіктер мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі ашықтық пен тиімділікті төмендетеді. Осыған байланысты, тапсырыс берушілер тарапынан жиі жіберілетін қателіктерді ғылыми тұрғыда зерттеу өзекті болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу – тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу арқылы мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған күрделі экономикалық және құқықтық қатынастар жүйесі. Бұл жүйенің тиімділігі бюджет қаражатын ұтымды пайдалану, ашықтық пен бәсекелестікті қамтамасыз ету, сондай-ақ заңнама талаптарын қатаң сақтау арқылы жүзеге асады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік сатып алу үдерісіне қатысатын тапсырыс берушілер тарапынан жиі қателіктер жіберіліп, олардың салдары сатып алу рәсімдерінің тиімділігін төмендетуге, қаржылық шығындарға және заңнамалық бұзушылықтарға, соның нәтижесінде тапсырыс берушілердің өздеріне, оның қызметкерлеріне жағымсыз салдар туғызуда.

Қолданыстағы мемлекеттік сатып алу заңнамасында «қателер» институтының заңды конструкциясы қаралмаған сондықтан, бұл мәселені қарастыру және түсіну құқық теориясы саласындағы зерттеулердің объектісіне айналады және тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу объектісі – мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілердің қызметі.

Зерттеу пәні – мемлекеттік сатып алу үдерісінде тапсырыс берушілер тарапынан жіберілетін типтік қателіктер, олардың себептері, салдары және оларды азайту тәсілдері.

Зерттеудің мақсаты – мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілердің жиі жіберетін қателіктерін ғылыми негізде анықтау, олардың себеп-салдарын талдау және оларды болдырмау бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылды:

- 1) мемлекеттік сатып алу жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін ғылыми тұрғыдан зерделеу;
- 2) сатып алу рәсімдерінің әртүрлі кезеңдерінде тапсырыс берушілер жиі жіберетін қателіктерді анықтау және оларды жүйелеу;
- 3) аталған қателіктердің туындау себептерін айқындап, олардың мемлекеттік сатып алу тиімділігіне ықпалын бағалау;
- 4) мемлекеттік сатып алу саласындағы бақылау механизмдерін және заңнамада көзделген жауапкершілік шараларын талдау;
- 5) тапсырыс берушілер тарапынан қателіктерді азайтуға бағытталған ұсынымдар әзірлеу және сатып алу рәсімдерінің тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдістері: зерттеу барысында салыстырмалы-құқықтық талдау, жүйелік және құрылымдық әдістер, нормативтік құқықтық актілерге сараптамалық шолу, мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық тәжірибені талдау, сондай-ақ статистикалық және эмпирикалық деректерді өңдеу тәсілдері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілердің типтік қателерін жүйелеу мен олардың себептерін анықтауға бағытталған кешенді

талдаумен анықталады. Бұл мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру бойынша теориялық және әдіснамалық негіздерді дамытуға ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижелерін мемлекеттік сатып алу саласында қызмет атқаратын тапсырыс берушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заңнаманы сақтау деңгейін жақсарту және мемлекеттік сатып алу үдерістерін оңтайландыру мақсатында пайдалануға болатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәжірибесінде құқық қолдану практикасын жетілдіруге ықпал етуі мүмкін.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу жүйесі мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде тіркелген 28 415 тапсырыс беруші арқылы шамамен 14,2 трлн теңге көлеміндегі бюджеттік қаражатты игеруді көздейді [1]. Мемлекеттік сатып алу механизмі бір жағынан ел экономикасын басқарудың тиімді құралы ретінде қарастырылса, екінші жағынан оны сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары сала ретінде бағалауға болады.

2024 жылғы 1 шілдеде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң мемлекеттік сатып алу саласын реттеудің негізгі құқықтық құралы ретінде айқындалып, оның ашықтығын арттыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Бұл құжат мемлекеттік сатып алу процесінде құқық бұзушылықтарға жол бермеуді, сатып алу мерзімдерін жеңілдету, шағымдарды қараудың жаңа механизмін енгізу, өнім берушілердің жауапкершілігін арттыру, қоғамдық мониторингті дамыту, кешенді құрылыс пен офтейк-келісімшарттарды енгізу, сондай-ақ бір көзден сатып алуды оңтайландыру арқылы сатып алу процесінің негізгі мәселелерін шешуді көздейді [2]. Оның қабылдану мақсаты – мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру, сондай-ақ бюджеттік мекемелер жүзеге асыратын барлық сатып алу рәсімдерін кешенді бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Алайда, жоғарыда көрсетілгендей құқық қолдану тәжірибесінде тапсырыс берушілер және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылармен жіберілетін қателіктердің салдарынан заң мақсатына сәйкес жүзеге асырылмай қалатын жағдайлар кездеседі. Мемлекеттік сатып алу үдерісінде негізгі субъектілер – тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар болғандықтан, олардың әрекеттері мен әрекетсіздігінен мемлекеттік сатып алу саясатының оңтайлы жүзеге асырылуы байланысты екені ақиқат.

Тапсырыс берушілермен жиі жіберілетін қателіктерді сараламас бұрын құқық теориясында қалыптасқан «құқықтық қателік» ұғымына жүгініп, оның құқықтық табиғаты мен пайда болу себептерін анықтаған жөн.

Мемлекеттік сатып алу институты кешенді сала екенін ескеретін болсақ, азаматтық құқықтық, яғни шаруашылық құқықтық қатынастарынан туындайтын мемлекеттік сатып алудағы құқықтық қатынастардың дұрыс орнатылмауы салдарынан оның еңбек қатынастарындағы құқықтық жауапкершілікке, әкімшілік рәсімдік қатынастарындағы, әкімшілік құқықтық немесе қылмыстық құқықтық қатынастарға үлесіп субъектілер үшін түрлі құқықтық салдар туғызуы мүмкін. «Құқықтық қателік» ұғымына келетін болсақ қазіргі уақытта бұл феномен көп жағдайда қылмыстық құқық доктринасында кеңінен қолданылатындығы байқалады.

Бұл құқықтық феноменді зерттеудің тарихи тамыры Ежелгі Римге дейін созылады және құқықтық қателік мәселесін алғаш рет зерттегендер ежелгі римдік заңгерлер деп есептеледі. Рим құқығы доктринасына сәйкес, құқықтық қате – бұл адамның іс мән-жайлары туралы жеткіліксіз хабардар болуы салдарынан оның еркі мен оның көрінісі арасындағы сәйкессіздік [3, 23 б.].

Бүгінгі заман зерттеулеріне жүгінсек, мысалы Ю.Я. Федорчукова «Құқықтық қате» – адамның өз әрекеттерінің құқықтық сипатына қатысты түсініктерінің сәйкес келмеуі деп қарастырылады, яғни субъектінің еркі мен ерік білдіруінің сәйкессіздігі емес, нақты құқықтық қызметтің қатесі ретінде қаралады [4, 52 б.].

Құқықтық қателіктер мәселесін зерттей келе, Ресейлік зерттеушілер М.В. Баранов пен В.М. Сырых өз еңбектерінде қателерді жіктеу критерийі ретінде құқықтық техниканың

ережелерін бұзуды атайды және қателерді құқықтық, логикалық және грамматикалық деп бөледі [5, 388 б.].

Зерттеуші Д.И. Советовтың пікірінше, ең әмбебап қалыптасқан анықтамалардың бірі «Құқықтық қате – бұл адамның жасаған әрекетінің құқықтық сипаты мен оның құқықтық салдарына қатысты жаңсақ пікірі» деп көрсетілуінде [6, 161 б.].

Құқықтық қателіктердің теориялық анықтамасына қатысты құқықтық доктринада түрлі көзқарастар қалыптасуына байланысты авторлар құқықтық қателер субъектінің өз әрекеттерінің құқықтық сипатына қатысты түсініктерінің сәйкес келмеуі туралы көзқарасты ұстанады. Біздің пікірімізше, тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алу қызметін жүзеге асыру барысында жіберетін құқықтық қателіктер заңнамалық реттеуден тыс қалып қойған, соған сәйкес құқықтық теорияда қалыптасқан тұжырымдамаларға сүйене отырып мемлекеттік сатып алу ісін жүзеге асыруда пайда болатын қателерді «құқықтық қателер» ұғымымен қамтыған жөн.

Тапсырыс берушілер жіберетін қателіктер олардың өздері үшін құқықтық салдар туындататын болғандықтан, қателіктің де өзіндік заңдық құрамы болуы тиіс. В.Я. Рыженков әділ атап өткендей, қателік, біріншіден, белгілі бір заңдық маңызы бар әрекетті (мысалы, мәміле жасауды), екіншіден, тұлғаның өз әрекетіне қатысты психикалық қатынасын (шындыққа жанаспайтынды шын деп қабылдауды) қамтиды.

Кез келген құқықтық құрам секілді, оның жеке алынған бірде-бір элементі тұтас құқықтық салдар туындатпайды. Мысалы, егер әрекет жасалып, бірақ адасу фактісі болмаса, онда бұл әрекет өзінің заңды күшін сақтайды. Ал керісінше, адасу әрекетсіз орын алса, ол құқықтық тұрғыдан мүлдем бағаланбайды, өйткені оның әлеуметтік мәні болмайды [7, 189 б.].

Мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі орын алатын құқықтық қателіктер мемлекеттік тапсырыс берушілердің қызметінде пайда болатындықтан теориялық негіздемесін талдау үшін олардың пайда болу себептеріне тоқталамыз.

Құқық теориясында құқықтық қателіктердің негізінде логикалық қателіктер жатады деген тұжырымдар қалыптасқан. Айталық, А.А. Апалькова, А.И. Букрееваның айтуынша логика заңдарының бұзылуы құқықтық қайшылықтарға, сәйкесінше жағымсыз құқықтық салдарға әкеп соғады. Қазіргі заманғы ғалымдар құқықтық және саяси саладағы қызметтің логикалық негіздеріне көбірек назар аудару қажеттігін алға тартады. Өйткені дұрыс әрі жан-жақты түсіндіру тек құқықтық тәртіп пен заңдылықты жақсартуға, мемлекеттің құқықтық негізін нығайтуға ғана емес, сонымен қатар елдің конституциялық құрылымын қорғауға да ықпал етеді [8, 63 б.].

Бұдан басқа, құқық қолдану тәжірибесінде орын алатын құқықтық қателіктер әртүрлі себептерге байланысты туындауы мүмкін. Негізгі себептерге, соның ішінде мемлекеттік сатып алу жүйесінде тапсырыс берушілермен жіберілетін қателіктерге қатысты мыналарды жатқызуға болады: заңнаманың кемшіліктері, яғни қайшылықтар, олқылықтар, ескірген немесе дәлсіз тұжырымдар, заңдардың әртүрлі түсіндірілуі, тапсырыс берушілердің қызметкерлері білімінің немесе тәжірибесінің жеткіліксіздігі, заң нормаларын олардың мағынасын ескермей механикалық түрде қолдану, адами факторлар, яғни шешім қабылдаудағы субъективтілік, бейтарап болмау, субъектілердің шаршауы, үшінші тұлғалардың, яғни пара беру, әкімшілік немесе саяси ықпал нәтижесінде шешім қабылдауға әсер етуі, мерзімдердің бұзылуы және т.б.

Тапсырыс берушілер тарапынан жіберілетін қателіктерді болдырмау мақсатында заң сатып алу үдерісінің барлық кезеңдерін реттеп, сатып алуға қатысушылар үшін міндеттер шеңберін анықтайды.

Айталық, қолданыстағы заңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау уәкілетті органмен мемлекеттік сатып алу заңына және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатындығы көрсетілген.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау мақсатында уәкілетті орган веб-портал арқылы және онда қамтылған ақпарат негізінде мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізеді. Қоғамдық бақылау субъектілері де веб-портал арқылы және онда қамтылған ақпарат негізінде мемлекеттік сатып алуға Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңымен белгіленген тәртіпке сәйкес қоғамдық мониторинг жүргізуге құқылы [9].

Яғни, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау жергілікті Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен, қоғамдық бақылаушылармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен жүргізіледі. Аталған органдар сатып алу саласында жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу арқылы бақылау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті.

Егер тексеру барысында бақылаушы орган заңнаманың бұзылуын анықтаса, ол әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға құқылы, бұл ретте іс жүргізу ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (бұдан әрі – ӘҚБтК) сәйкес жүзеге асырылады. Егер комиссия мүшелерінің пікірі бойынша анықталған бұзушылық елеусіз деп танылса, кінәлі тұлғаға тек ауызша ескерту жасалуы мүмкін. Алайда, аталған бұзушылық үшін негізгі жауапкершілік ретінде әкімшілік айыппұл көзделген.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы әкімшілік жауапкершілік субъектісі ретінде тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы танылады. Сондай-ақ, сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі комиссия мүшелері, электрондық алаң операторы, сатып алуға қатысушылар, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының қызметкерлері жауапкершілікке тартылатындығын ескерген жөн.

Тапсырыс берушілермен жіберілетін қателіктер жасағаны үшін қолданылатын құқықтық нормаларды анықтау үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға талдау жасайық.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі құрамдары ӘҚБтК-нің 207-бабында көзделген. ӘҚБтК-нің 62-бабына сәйкес, әкімшілік жауапкершілікке тарту мерзімі құқық бұзушылық жасалған күннен бастап 2 айды құрайды [10].

Яғни, мемлекеттік сатып алу процесін жүзеге асыру тәртібі заңнамалық тұрғыда реттелген, ал оның талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында бақылаушы органдар тиісті қадағалау шараларын жүзеге асырады. Егер тапсырыс берушілер қандай да бір себептермен қателіктерге жол берсе, олардың құқықтық жауапкершілігі мәселесі туындап, тәртіптік, азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Осы орайда, мемлекеттік сатып алу саласындағы практик маман ретінде тапсырыс берушілерге қатысты қатаң жаза қолдану, оның ішінде ірі көлемде айыппұл салу немесе бас бостандығынан айыру секілді шаралардың әділдігі туралы сұрақ туындайды. Бұл тұрғыда тапсырыс берушілердің құқықтық мәртебесі, олардың біліктілігі мен даярлығы, сондай-ақ жалақысының өмір сүруге жеткілікті деңгейде болуы мемлекет тарапынан тиісті дәрежеде қамтамасыз етілген бе деген мәселені қарастыру қажет. Егер маманның тиісті кәсіби білімі мен құзыреттілігі жеткіліксіз болса, оны құқықтық жауапкершілікке тарту қаншалықты әділетті деген заңды сұрақ туындайды.

Негізінен, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізуде қателіктер жібермей құқықтық жауапкершілікке тартылу ықтималдығын барынша азайту үшін тапсырыс берушілер, олардың қызметкерлері бақылаушы органдар мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің нормативтік құқықтық актілерін жүйелі түрде зерделеу қажет, өйткені олар мемлекеттік сатып алу саласындағы жекелеген ережелерге жиі түсініктеме береді.

Сот практикасына жүгінетін болсақ, Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік істерді қарайтын сот органдарымен мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі бойынша 2022 ж. – 2240, 2023 ж. – 2080, 2024 ж. – 2120 әкімшілік істер қаралған. Ал, 2025 жылдың наурыз айына, яғни жаңа заң күшіне енгеннен кейін уәкілетті органдармен 9 әкімшілік іс сотқа жолданып қаралуда [11].

Сот материалдарын зерделеу нәтижесімен тапсырыс берушілермен ең жиі жіберілетін қателіктер анықталды. Олардың қатарында: электрондық хабарландыруларды жариялау кезінде конкурстық (аукциондық) құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге қатысты өлшенбейтін сандық және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптарды белгілеу, мемлекеттік сатып алу шарттарын заңнама талаптарына сәйкес айқындамау, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларды, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауардың шығарылған жерінің атауын және өндірушінің атауын негізсіз көрсету, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе қызметтің жекелеген өнім берушіге тиесілілігін айқын-дайтын өзге де сипаттамаларды енгізу бар. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдерінің дұрыс таңдалмауы, конкурстық комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-

ақ конкурстық комиссия хатшысы тарапынан заңмен белгіленген мерзімдердің сақталмауы да жиі кездесетін құқық бұзушылықтар қатарына жатады.

Тапсырыс берушілер жіберетін қателіктердің мәнін толық түсіну мақсатында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларын талдау қажет. Бұл тапсырыс берушілерге өздерінің әкімшілік жауапкершілік шеңберін және оларға салынатын айыппұлдардың мөлшерін нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Тапсырыс берушілер жіберетін ең кең таралған қателікті қарастырайық. Ол – мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін қате таңдауы, бұл Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабының 10-тармағына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Аталған құқық бұзушылық үшін жауапты лауазымды тұлғаға 393 200 теңге көлемінде айыппұл қарастырылған, оның мөлшері жасалған әрекеттің саралануына байланысты сотпен айқындалады [10]. Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 10-бабының 7-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін айқындау кезінде заңда көзделген мемлекеттік сатып алудың бәсекелестік тәсілдері басым таңдау болып табылады [2]. Өнім берушілерді айқындаудың бәсекелестік тәсілдері болып конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату және электрондық дүкен қаралады. Әрбір тапсырыс беруші мекеме мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін заң талаптарына сәйкес дербес тандайды.

Тапсырыс орналастырудың «тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу» тәсіліне ерекше назар аудару қажет, себебі бұл әдіс тапсырыс берушілер үшін ең қарапайым және ыңғайлы болып табылады. Көптеген бюджеттік ұйымдар жиі осы тәсілге жүгінеді, кейде сатып алу тиісті негіздемеге ие болмаған жағдайда да оны осы тәсілмен жүзеге асыруға тырысады.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16-бабының 28-тармағына сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса рұқсат етіледі [2].

Бұл ретте, біртекті тауарлар бойынша келісім-шарттардың жалпы сомасы жыл ішінде 393 200 теңгеден, ал біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі 1 966 000 теңгеден аспауы тиіс екенін ескерген жөн.

Сонымен қатар, кейбір жағдайларда сатып алуды бәсекелі тәсілмен жүзеге асыру қажеттігін де ескеру қажет.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесіне сәйкес, техникалық-экономикалық негіздеме мен қала құрылысы жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстар, аккредиттелген сараптамалық ұйымдармен жүзеге асырылатын объектілер құрылысы жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама бойынша жұмыстар, қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі қызметтер тек конкурс тәсілімен жүргізілуі қажет болса, құрылыс-монтаждау жұмыстары, жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстар, құрылыс-жөндеу жұмыстары бойынша техникалық қадағалау және (немесе) жобаларды басқару жөніндегі инжинирингтік қызметтер – рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен жүргізілуі тиіс [12].

Тапсырыс берушілердің тағы бір қателігі – сатып алу туралы ақпаратты мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде орналастыруға қатысты құқық бұзушылықтарға жол беруі. Жиі кездесетін жағдайлар арасында тапсырыс берушінің сатып алу құжаттамасын, сатып алу барысында жасалған хаттамаларды, шарттардың орындалуы туралы есептерді және басқа да міндетті құжаттарды белгіленген мерзімде орналастырмауы немесе орналастыру тәртібін бұзуы байқалады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабына сәйкес, конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасына ескертулерді, сұрау салуларды қарамау не уақтылы қарамау, алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) мәтінін мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырмау не

уақтылы орналастырмау, сонымен қатар өтінімдерді уақтылы қарамау және хаттаманы уақтылы орналастырмағаны үшін 117 960 теңге айыппұл, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырмау немесе уақтылы орналастырмау үшін 58 980 теңге айыппұл қарастырылған [10].

Л.Ю. Буданова тапсырыс берушілермен жіберілетін қателіктер ретінде тауарлық белгіге қойылатын талаптарды баламаны қолдану мүмкіндігін көрсетпестен белгілейтіндігін көрсетеді. Бұл жағдай бәсекелестіктің шектелуіне және келісімшарттық жүйенің қағидаттарының бұзылуына әкелуі мүмкін дей отырып, тауарларға, ақпаратқа, жұмыстарға, қызметтерге қатысты, егер мұндай талаптар немесе нұсқаулар сатып алуға қатысушылар мен үміткерлер санының шектелуіне әкелетін болса, нұсқаулар беруге болмайтынығын атаған [13, 47 б.].

Ал, А.В. Арепьев тапсырыс берушілермен жиі жіберілетін қателіктерді айқындауда, техникалық және қызмет көрсету жағынан байланысты емес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бір лотқа біріктіру жағдайларын, жұмыста қажеттілігі жоқ, алайда бағасы жағынан қымбат тауарларды сатып алуды, тауардың сапасына қатысты балл беруді субъективтік көзқарастарды қолдану, алдын ала төлем жасау бойынша талапты белгілеуде 30% дейін сөз тіркесін қолдануды, орындалып қойған жұмыстарға немесе қызметтерге, жеткізіліп қойған тауарларға хабарламалар жариялауды, мемлекеттік сатып алу шарттарын орындалмаған жағдайда өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға байланысты тиісті жұмыстарды жүргізбеуді атап көрсетеді [14, 47 б.].

Скоркина Ю.О. келісімшарт бойынша тауарды келісімшартта көрсетілген сипаттамалардан өзгеше жеткізу мәселесін қарастырады және бұл жағдай түрлі объективтік факторларға байланысты кездесетінін көрсетеді.

Зерттеушінің пікірінше, кез келген жеткізушінің жұмысында тауардың уақытша қолжетімсіз болуы, өндірістен алынуы немесе сатып алу бағасының айтарлықтай өсуі сияқты жағдайлар туындауы мүмкін, бұл келісімшарттың орындалуын тиімсіз етеді.

Осындай жағдайда тапсырыс берушінің талаптарына барынша жақын сипаттамалары бар басқа тауарды жеткізу орынды болып саналады [15, 231 б.].

Тапсырыс берушілердің кәсіби біліктілігінен болса керек мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда пайда болатын қателіктер көп жағдайда сатып алынатын тауарлардың, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктерін дайындауда кездеседі. Техникалық ерекшеліктерді сауатты дайындау – әр салада жоғары біліктілікті, арнайы білімді (танымды) талап ететін шеберлік екенін ескерген жөн. Кейбір жағдайларда тапсырыс берушілер техникалық ерекшеліктерді дайындау қызметтерін сатып алу үшін арнайы сатып алу рәсімін де ұйымдастырады.

Сот практикасына жүгінетін болсақ, 2024 ж. Қызылорда облысы бойынша соттарда қаралған әкімшілік іс материалдарына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жариялау барысында техникалық ерекшелігі ретінде тауардың маркасы көрсетілген жағдайлар кездеседі. Сот талқылауында мекеменің бірінші басшысы кінәсін мойындап, мемлекеттік сатып алу ісімен есепші айналысатындығын көрсеткен. Сот, ҚР ӘҚБтК-нің 64-1 бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алулар өтпеді деп танылғанын, қаражат бюджетке қайтарылғанын, бюджетке зиян келтірілмегенін көрсете отырып, жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болуына байланысты лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатқан. Дәл сол сияқты тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың бірінші басшылары осы тектес уәж келтіріп, сот 2024 ж. қаралған 41 әкімшілік істің 29 – бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмашы деген негізбен лауазымды тұлғаларды жауаптылықтан босатқан. Бұл көрсеткіш мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі бойынша қозғалған әкімшілік істердің 70,7% тоқтатылғанын көрсетеді [11].

Тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алу саласында жіберетін қателіктері сатып алу рәсімдерінің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Бұл қателіктер мемлекеттік ресурстардың тиімсіз пайдаланылуына, әділ бәсекелестіктің бұзылуына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің артуына және экономикалық шығындардың көбеюіне алып келеді.

Құқықтық реттеудегі олқылықтар мен заңнаманың жиі өзгеруі тапсырыс берушілердің нормативтік талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуін қиындатып, рәсімдердің күрделенуіне әкеледі. Бұл өз кезегінде, мемлекеттік сатып алудың ашықтығы мен болжамдылығын

төмендетіп, әділ бәсекелестік қағидаттарын бұзуға ықпал етеді. Сонымен қатар, тапсырыс берушілердің кәсіби біліктілігінің жеткіліксіздігі мен кадрлық тұрақсыздық шешім қабылдау сапасын төмендетіп, заң бұзушылықтардың артуына себеп болады.

Техникалық және процестік қиындықтар мемлекеттік сатып алу рәсімдерін кешіктіруге, артық әкімшілік шығындарға және сатып алу сапасының төмендеуіне ықпал етеді. Электрондық платформалардағы ақаулар мен функционалдық шектеулер сатып алу процесінің ашықтығы мен тиімділігін әлсіретеді. Сонымен бірге, субъективті факторлар, әсіресе немқұрайлылық пен асығыстық, құжаттамадағы қателіктердің көбеюіне әкеліп, шағымдардың артуына және даулы жағдайлардың жиілеуіне түрткі болады.

Ресурстық шектеулер мемлекеттік сатып алу рәсімдеріндегі сапаны төмендетіп, тиісті мамандардың кәсіби даму мүмкіндіктерін шектейді. Жеткіліксіз қаржыландыру мемлекеттік органдардың қажетті сараптамалық қолдау мен мониторинг жүргізу қабілетін әлсіретеді. Мұның барлығы мемлекеттік сатып алу механизмінің басты мақсаты – бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану қағидатын бұзуға алып келеді.

Осылайша, тапсырыс берушілер жіберетін қателіктер мемлекеттік сатып алудың ашықтығы мен тиімділігіне кері әсерін тигізеді, бұл өз кезегінде жалпы мемлекеттік ресурстарды басқару сапасының төмендеуіне және қоғамдық сенімнің әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Бұл проблемаларды шешу үшін заңнаманы тұрақтандыру, кадрлық әлеуетті нығайту, техникалық инфрақұрылымды жетілдіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту қажет.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу саласындағы бақылау механизмдері мен жауапкершілік шаралары сатып алу рәсімдерінің заңдылығын қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Мемлекеттік сатып алуды бақылау көпдеңгейлі жүйе арқылы жүзеге асырылады, оған ішкі ведомстволық бақылау, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоғамдық мониторинг және сот бақылауы кіреді. Тапсырыс берушілердің іс-әрекеттерін мемлекеттік органдар тексеріп, заң бұзушылықтарды анықтау және оларды жою бойынша шаралар қабылдайды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген. Тәртіптік жауапкершілік аясында лауазымды тұлғаларға қатысты ескерту беру, қызметінен шеттету немесе жұмыстан босату шаралары қолданылуы мүмкін. Әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін заңға сәйкес айыппұлдар салынады, ал аса ауыр бұзушылықтар, соның ішінде сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін қылмыстық жаза қарастырылған. Қылмыстық жауапкершілік пара алу, қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану және бюджет қаражатын жымқыру сияқты әрекеттерге қатысты қолданылып, мүлкін тәркілеу, мемлекеттік қызметке орналасу құқығынан айыру және бас бостандығынан айыру жазаларын қамтиды.

Қолданыстағы бақылау және жауапкершілік жүйесі мемлекеттік сатып алу саласындағы заң бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді. Дегенмен, тәжірибеде бақылаушы органдар арасындағы үйлестірудің әлсіздігі, мемлекеттік сатып алу заңнамасының тұрақсыздығы және қоғамдық мониторинг жүйесінің жеткілікті деңгейде дамымауы секілді мәселелер сақталуда. Сондықтан мемлекеттік сатып алу саласындағы бақылау тетіктерін одан әрі күшейту, заңнаманы тұрақтандыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Қорытынды

Мемлекеттік сатып алу жүйесі мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін маңызды экономикалық және құқықтық құрал болып табылады. Оның тиімділігі тек бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мен ашықтықты қамтамасыз етумен шектелмей, сонымен қатар заңнамалық талаптардың қатаң сақталуына да байланысты. Зерттеу барысында тапсырыс берушілер тарапынан жиі жіберілетін қателіктердің мемлекеттік сатып алу үдерісіне тигізетін әсері айқындалды. Мұндай қателіктер үнемі қаржылық шығындарға, заң бұзушылықтарға және сатып алу рәсімдерінің тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Тапсырыс берушілердің қателіктер жіберуіне бірнеше себептер бар. Біріншіден, мемлекеттік сатып алу заңнамасының күрделілігі мен үнемі өзгеріп отыруы тапсырыс берушілердің дұрыс шешім қабылдауын қиындатады. Екіншіден, кейбір тапсырыс берушілердің құқықтық

сауаттылығының төмендігі және сатып алу рәсімдеріне қатысты білімінің жеткіліксіздігі бұл қателіктерді туындатады. Үшіншіден, басқарушылық шешімдер қабылдауда тәжірибенің жетіспеушілігі немесе ішкі бақылау жүйелерінің әлсіздігі де қателіктердің орын алуына себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір тапсырыс берушілердің уақытша қысым мен бюджеттік шектеулердің әсерінен асығыс шешімдер қабылдауы да қателіктерге алып келеді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік сатып алу үдерісіндегі типтік қателіктердің себептерін анықтап, олардың салдарын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қателіктерді азайту және сатып алу үдерістерінің тиімділігін арттыру үшін бірқатар ұсынымдар жасалды. Зерттеу барысында ұсынылған әдістемелер мен ұсынымдар мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру, тапсырыс берушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру және заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижесімен мынадай тұжырымдар жасалады:

1. Мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі тапсырыс берушілердің қателіктері көбінесе заңнаманың күрделілігі мен өзгерістеріне, сондай-ақ құқықтық сауаттылықтың төмендігіне байланысты болады.

2. Қателіктердің алдын алу үшін тапсырыс берушілердің құқықтық білімін арттыру және сатып алу рәсімдерін жетілдіру қажет.

3. Тапсырыс берушілердің тәжірибесі мен басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын жақсарту үшін арнайы тренингтер мен әдістемелік қолдау көрсету маңызды.

4. Мемлекеттік сатып алу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін ішкі бақылау жүйелерін күшейту, заңнаманы дұрыс орындау және оны түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

5. Тапсырыс берушілердің кәсібилігін арттыру және олардың мәртебесін көтеру мақсатында, мемлекеттік сатып алу үдерісіне қатысушылардың біліктілігін үнемі бағалап, оларды лайықты жалақымен қамтамасыз ету маңызды.

6. Тапсырыс берушілердің тәуелсіздігін және оларды шешім қабылдаудағы еркіндігін қамтамасыз ету үшін олардың жұмысындағы сыртқы ықпалдарды шектеу қажет. Бұл олардың кәсіби біліктілігін арттыру мен мемлекеттік сатып алу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін негіз болар еді.

Осылайша, зерттеу мемлекеттік сатып алу саласын дамыту бойынша теориялық және практикалық негіздерді қалыптастыруға маңызды үлес қосады, әрі құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және мемлекеттік сатып алу үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Тапсырыс берушілердің кәсіби деңгейін арттыру, мәртебесін көтеру және олардың қабылдаған шешімдеріне тәуелсіздік беру мемлекеттік сатып алу саласының дамуына елеулі әсерін тигізери сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мемлекеттік сатып алудың веб порталы. URL: <https://v3bl.goszakup.gov.kz/> (өтініш берілген күн: 24.03.2025)

2 Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000106> (өтініш берілген күн: 24.03.2025)

3 Советов Д.И. Соотношения теорий коллизии и юридических конфликтов с феноменом правовой ошибки в юридической деятельности // Юридическая наука: история и современность. – 2023. – № 2. – С. 22–27. URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_53772032_56640756.pdf (дата обращения: 24.03.2025)

4 Федорчукова Ю.Я. Юридическая ошибка и принципы законности. – М., 2022. – С. 52–55. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/yuridicheskaya-oshibka-i-printsip-zakonnosti> (дата обращения: 24.03.2025)

5 Баранов В.М., Сырых В.М. Законотворческие ошибки: понятие и типология // Законотворческая техника современной России: состояние, проблемы, совершенствование / Сборник статей в 2 т. Т. 1 / Под ред. В.М. Баранова. – Нижний Новгород, 2001. – С. 388–542. (дата обращения: 24.03.2025)

6 Советов Д.И. Проблемы определения правовой природы причин и условий совершения юридических ошибок в отечественной практике // Теория государства и права. – 2019. – № 4(16). – С. 160–166. URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_42488360_38928048.pdf (дата обращения: 24.03.2025)

7 Рыженков А.Я. Ошибка как юридический факт в гражданском праве // Юридическая наука в Китае и России. Московский государственный юридический университет им. Е.О. Кутафина (МГЮА). –

2020. – С. 188–192. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_42953422_92916238.pdf (дата обращения: 24.03.2025)

8 Апалькова А.А., Букреева А.И. Логические ошибки в юридической деятельности // Символ науки. – 2016. – № 12–13. – С. 63–65. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_28322507_40923440.pdf (дата обращения: 24.03.2025)

9 Қоғамдық бақылау туралы Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 2 қазандағы заңы № 30-VIII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000030> (өтініш берілген күн: 24.03.2025)

10 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z207> (өтініш берілген күн: 24.03.2025)

11 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми сайты. URL: <https://office.sud.kz/> (өтініш берілген күн: 24.03.2025)

12 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 15 тамыздағы № 546 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035801> (өтініш берілген күн: 24.03.2025)

13 Буданова Л.Ю., Шкорубская С.А. Проблемы описания объекта закупки в контрактной системе государственных закупок в уголовно-исполнительной системе. URL: <https://cyberleninka.ru/article> (дата обращения: 24.03.2025)

14 Арепьев А.В. Типичные ошибки заказчиков при осуществлении государственных и муниципальных закупок по ФЗ-44. Госзаказ: управление, размещение, обеспечение. 2015. URL: <https://scholar.google.ru/> (дата обращения: 24.03.2025)

15 Скоркина Ю.О. Ошибки совершаемые поставщиками и заказчиками в государственных закупках // Инновационное развитие экономики: российский и зарубежный опыт / Сборник статей по итогам Международной научно-практической конференции. – Российская Федерация: Агентство международных исследований, 2018. – С. 230–233. URL: <https://scholar.google.ru/> (дата обращения: 24.03.2025)

REFERENCES

1 Memlekettik satyp aludyń veb portaly. URL: <https://v3bl.goszakup.gov.kz/> (ötinis berilgen kün: 24.03.2025). (in Kazakh).

2 Memlekettik satyp alu turaly Qazaqstan Respublikasynyń Zańy 2024 jylǵy 1 şildedegı № 106-VIII QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000106> (ötinis berilgen kün: 24.03.2025). (in Kazakh).

3 Sovetov D.I. (2023) Sootnosheniya teorij kollizii i juridicheskikh konfliktov s fenomenom pravovoj oshibki v juridicheskoy dejatel'nosti // Juridicheskaja nauka: istorija i sovremennost'. No. 2. P. 22–27. URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_53772032_56640756.pdf (data obrashhenija: 24.03.2025). (in Russian).

4 Fedorchukova Ju.Ja. (2022). Juridicheskaja oshibka i principy zakonnosti, M. P. 52–55. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/yuridicheskaya-oshibka-i-printsip-zakonnosti> (data obrashhenija: 24.03.2025). (in Russian.)

5 Baranov V.M., Syryh V.M. (2001) Zakonotvorcheskie oshibki: ponjatie i tipologija // Zakonotvorcheskaja tehnika sovremennoj Rossii: sostojanie, problemy, sovershenstvovanie. Sbornik statej v 2 t. V. 1 / Pod red. V.M. Baranova. Nizhnij Novgorod. P. 388–542. (data obrashhenija: 24.03.2025). (in Russian).

6 Sovetov D.I. (2019) Problemy opredelenija pravovoj prirody pricin i uslovij sovershenija juridicheskikh oshibok v otechestvennoj praktike // Teorija gosudarstva i prava. No. 4(16). P. 160–166. URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_42488360_38928048.pdf (data obrashhenija: 24.03.2025) (in Russian).

7 Ryzhenkov A.Ja. (2020) Oshibka kak juridicheskij fakt v grazhdanskom prave // Juridicheskaja nauka v Kitae i Rossii. Moskovskij gosudarstvennyj juridicheskij universitet im. E.O. Kutafina (MGJuA). P. 188–192. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_42953422_92916238.pdf (data obrashhenija: 24.03.2025). (in Russian).

8 Apal'kova A.A., Bukreeva A.I. (2016.) Logicheskie oshibki v juridicheskoy dejatel'nosti // Simvol nauki. No. 12–13. P. 63–65. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_28322507_40923440.pdf (data obrashhenija: 24.03.2025). (in Russian).

9 Qoǵamdyq baqylau turaly Qazaqstan Respublikasynyń 2023 jylǵy 2 qazandaǵy zańy No. 30-VIII QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000030> (ötinis berilgen kün: 24.03.2025). (in Kazakh).

10 Äkimşilik qūқық būzuşylyq turaly Qazaqstan Respublikasynyń kodeksı 2014 jylǵy 5 şildedegı No. 235-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z207> (ötinis berilgen kün: 24.03.2025). (in Kazakh).

11 Qazaqstan Respublikasy Joǵarǵy Sotynyń resmi saity. URL: <https://office.sud.kz/> (ötiniş berilgen kün: 24.03.2025). (in Kazakh).

12 Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniń 2024 jylǵy 15 tamyzdaǵy No. 546 bııryǵymen bekıtilgen memlekettik satyp aludy júzege asyru tásılın uáıletti organ anyqtaityn tauarlardyń, jumystardyń, kórsetiletin qyzmetterdiń tızbesi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035801> (ötiniş berilgen kün: 24.03.2025). (in Kazakh).

13 Budanova L.Ju., Shkorubskaja S.A. Problemy opisanija ob#ekta zakupki v kontraktnoj sisteme gosudarstvennyh zakupok v ugovno-ispolnitel'noj sisteme. URL: <https://cyberleninka.ru/article> (data obrashhenija: 24.03.2025). (in Russian).

14 Arep'ev A.V. (2015) Tipichnye oshibki zakazchikov pri osushhestvlenii gosudarstvennyh i municipal'nyh zakupok po FZ-44. Goszakaz: upravlenie, razmeshhenie, obespechenie. URL: <https://scholar.google.ru/> (data obrashhenija: 24.03.2025). (in Russian).

15 Skorkina Ju.O. (2018) Oshibki sovershaemye postavshhikami i zakazchikami v gosudarstvennyh zakupok // Innovacionnoe razvitie jekonomiki: rossijskij i zarubezhnyj opyt / Sbornik statej po itogam Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – Rossijskaja Federacija: Agentstvo mezhdunarodnyh issledovanij. P. 230–233. URL: <https://scholar.google.ru/> (data obrashhenija: 24.03.2025). (in Russian).

ИЛЬЯСОВА С.М.,*¹

докторант.

*e-mail: isamal@mail.ru

ORCID ID: 0009-0009-5165-7671,

АЛДАБЕРГЕНОВА Н.А.,¹

к.ю.н., профессор.

e-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

ЮХНЕВИЧ Э.,²

PhD, профессор.

e-mail: e.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

ORCID ID: 0000-0001-7390-4885

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Университет Гданьск,

г. Гданьск, Польша

НЕЗАКОННЫЕ ДЕЙСТВИЯ ЗАКАЗЧИКОВ В СФЕРЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК: АНАЛИЗ И ПРАКТИКА

Аннотация

В статье рассматриваются распространенные правовые ошибки, допускаемые заказчиками в процессе осуществления государственных закупок, причины их возникновения, квалификационные требования к ответственным сотрудникам, классификация ошибок, а также аспекты применения мер государственного принуждения и их правовые последствия. Кроме того, анализируются недостатки закупочных процедур с целью разработки превентивных мер по их устранению. Цель исследования – выявить типичные ошибки, часто совершаемые заказчиками, проанализировать факторы их возникновения и предложить научно обоснованные рекомендации и профилактические меры, направленные на их снижение. Также в рамках исследования ставится задача определения механизмов, способствующих усилению ответственности заказчиков и повышению прозрачности государственных закупок. Научная значимость исследования определяется комплексным анализом, направленным на систематизацию ошибок заказчиков в системе государственных закупок и выявление их причин. Практическая значимость заключается в возможности применения результатов исследования для повышения правовой грамотности заказчиков, обеспечения соблюдения законодательства и оптимизации процедур закупок. В ходе исследования были использованы методы сравнительно-правового анализа, системный и структурный подходы, а также экспертный обзор нормативных правовых актов. Результаты исследования выявили типичные ошибки заказчиков и их негативное влияние на эффективность государственных закупок. В целях их предотвращения предлагается повысить правовую грамотность заказчиков, усилить эффективность организации закупочных процедур и усовершенствовать механизмы контроля.

Кроме того, подчеркивается необходимость повышения профессиональной подготовки лиц, ответственных за государственные закупки, с целью снижения количества правонарушений.

Ключевые слова: заказчик, законодательство, закупочная деятельность, регулирование, контроль, нарушения, ответственность.

ILYASSOVA S.M.,*¹

doctoral student.

*e-mail: isamal@mail.ru

ORCID ID: 0009-0009-5165-7671,

ALDABERGENOVA N.A.,¹

c.l.s., professor.

e-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

JUCHNEVICIUS E.,²

PhD, professor.

e-mail: e.juchnevicus@prawo.ug.edu.pl

ORCID ID: 0000-0001-7390-4885

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²Gdansk University,

Gdansk, Poland

UNLAWFUL ACTIONS OF CONTRACTING AUTHORITIES IN PUBLIC PROCUREMENT: ANALYSIS AND PRACTICE

Abstract

The article examines common legal errors made by contracting authorities during the implementation of public procurement processes, the causes of these errors, the qualification requirements for responsible personnel, the classification of mistakes, as well as aspects of applying state enforcement measures and their legal consequences. In addition, the study analyzes shortcomings in procurement procedures with the aim of developing preventive measures for their elimination. The purpose of the study is to identify typical errors frequently committed by contracting authorities, analyze the factors contributing to their occurrence, and propose scientifically grounded recommendations and preventive measures aimed at reducing these errors. Furthermore, the research aims to identify mechanisms that promote greater accountability among contracting authorities and enhance transparency in public procurement. The scientific significance of the study lies in its comprehensive analysis aimed at systematizing the errors of contracting authorities within the public procurement system and identifying their root causes. The practical significance is defined by the possibility of applying the research findings to improve the legal literacy of contracting authorities, ensure compliance with legislation, and optimize procurement procedures. The study employs methods of comparative legal analysis, systemic and structural approaches, as well as expert review of normative legal acts. The research results reveal typical errors made by contracting authorities and their negative impact on the efficiency of public procurement. To prevent these issues, it is proposed to increase the legal literacy of contracting authorities, enhance the effectiveness of procurement organization, and improve control mechanisms. In addition, the necessity of improving the professional training of officials responsible for public procurement is emphasized in order to reduce the number of legal violations.

Keywords: customer, legislation, procurement activities, regulation, control, violations, liability.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 27.05.2025